

Көптілеуова Д.Т.¹, Ахметбекова А.К.²

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dina0028@mail.ru, тел.: +7 777 500 5595

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akbota@mail.ru, тел.: +7 777 149 0463

**ЙУСУФ ИДРИС НОВЕЛЛАЛАРЫ:
РЕАЛИЗМНЕН СИМВОЛИЗМГЕ**

Мақалада Египет жазушысы Йусуф Идрис новеллаларының жазылу әдістеріне талдау жасалады. Бұл талдау барысында жазушы реализміндегі сентиментализм, романтизм, модернизм белгілерінің көрініс беру себептері қарастырылып, олардың ерекшеліктері сипатталады. Йусуф Идрис шығармашылығын кезеңге бөлу негіздері талданып, оның үш кезеңі аталады. Сондай-ақ жазушы реализмінің түрленуі әлеуметтік тақырыптар мен мысырлық қоғам өзгешелігіне байланысты екені зерделенеді. Жиырмамыншы ғасырдағы мысыр қоғамында орын алған өзгерістерді бейнелеудегі жазушы ізденістерінің нәтижесінде модернизмнің бір түрі болып табылатын символизмнің ұтымды жақтары белгіленіп, новеллаларды интерпретациялау ерекшеліктері анықталады.

Түйін сөздер:

Koptyleuova D.T.¹, Akhmetbekova A.K.

¹candidate of Philology, associate professor, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: dina0028@mail.ru, тел.: +7 777 500 5595

²candidate of Philology, associate professor, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: akbota@mail.ru, тел.: +7 777 149 0463

Novels of Yusuf Idris: from realism to symbolism

The article analyzes the novels of the Egyptian writer Yusuf Idris and features of his realistic method. In the course of the study it turns out that the realism of the writer has notable shades of sentimentalism, romanticism and modernism, which help reveal the content of short stories. It was these shades that determined the periodization of the writer's work. Studying the reasons for the transition of realism to modernism in novels, the authors of the article connect this with the social themes that the writer touched and the features of the mental stratum of Egyptian society. The realist in his work Yusuf Idris only using symbolism, was able to reflect the consequences of the change in Egypt in the early twentieth century. Thanks to this method, the author of the novels delivered his ideas and code for interpretation.

Key words:

Көптілеуова Д.Т.¹, Ахметбекова А.К.²

¹кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dina0028@mail.ru, тел.: +7 777 500 5595

²кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: akbota@mail.ru, тел.: +7 777 149 0463

Новеллы Йусуфа Идриса: от реализма к символизму

В статье анализируются новеллы египетского писателя Йусуф Идриса и особенности его реалистического метода. В ходе исследования выясняется, что реализм писателя имеет заметные оттенки сентиментализма, романтизма и модернизма, которые помогают раскрыть содержание новелл. Именно эти оттенки определили периодизацию творчества писателя. Изучая причины перехода реализма в модернизм в новеллах, авторы статьи связывают это с социальными

темами, которые затрагивал писатель, и особенностями ментального пласта египетского общества. Реалист в своем творчестве Йусуф Идрис, используя лишь символизм, смог отразить последствия изменений в Египте в начале XX века. Благодаря этому методу автор новелл донес свои идеи и код для интерпретации.

Ключевые слова:

Кіріспе

Мысыр әдебиетінде Йусуф Идрис (1927-1991) реализм бағытын ұстанған новеллист тұрғысында белгілі. Оның шығармаларын Мысыр елінде өткен-кеткен тарих толқындарының шежіресі деп сипаттауға болады.

Йусуф Идрисінің өмірі мен шығармашылығын зерттеген орыс ғалымы В.Н. Кирпиченко (Кирпиченко: 1980) араб ғалымдары Айяд Шукри (2), Хасан Маджиди, Мухаммад Амин Раудини, Айша Баганджи (3) оның жазушы болып қалыптасуына Ұлы Отан соғысы және «Азат офицерлері» бастаған төңкерістің әсері ерекше болды деп көрсетеді. Ол марксистік ұйымның мүшесі ретінде мысырлық қоғамда жаңа қатынастарды орнатуға ат салысты. Студенттік кезден отаршылдыққа қарсы қозғалыстарға белсене қатысып, елінің азаттығы, тәуелсіздігі үшін күресуге бел байлаған нағыз ұлтжанды жазушы өз халқының рупоры болу мәртебесіне ие болады.

Дәрігерлік мамандық алған Йусуф Идрис біраз жылдар осы салада қызмет атқара жүріп, адамның тәнінен гөрі жанын, рухани дүниесін емдеу қажет деген тұжырымға келеді. Осы сенімнің негізінде ол біржолата шығармашылықпен айналысып, азаттық, ағартушылық, теңдік сияқты идеялар үшін аянбай қызмет етуде ерен еңбек атқарады. 1954-1971 жылдар аралығында жиырмадан астам әңгімелер жинағын, повесть, пьесалар жазады.

Негізгі бөлім

Оның негізгі новеллалары қатардағы қарапайым мысырлықтың өмірін суреттеуге арналған. Алайда жазушы сырт көзге қарапайым көрінген қара жаяу адамның күрделі де бай ішкі жан-дүниесін, өмірдің ащы-тұщысын тартқан тағдыр белестерін, нық сенімі мен адалдығын сақтаған пәк жанын, буырқанған сезімін, үміттіліктерін көре білді және мысырлықтың бұл қасиеттері жарқын болашақтың қазығы деп сенді. Адамның шынайы сезім арпалыстарын, өмірдің терең қабаттарының хақ бет-бейнесін суреттеудің шебері ретінде танымал болды.

Йусуф Идрис шығармаларының тақырыптары негізінен әлеуметтік мәселелерге қатысты болды. Өзгерістерге деген үміт үстіндегі мысырлық қоғам, қаланың болсын, даланың болсын азып-тозған тұрғындарының ауыр жағдайларына қарамастан, ділін берік сақтап қалған әр адам жазушы үшін құнды материал екенін оның әр сөйлемінен тануға болады. Оның реалистік тәсілмен жазылған әңгімелерінде «кішкентай адам» мәселесі жетекші орын алады. Жазушы әр «кішкентай адамды» тағдырдың ауыртпалығымен күресіп, жеңіп шыққан қаһарман деп білді. Йусуф Идрис «кішкентай адам» дәрежесін «қатардағы адамға» көтергені анық. Өйткені медициналық тұрғыда адам тәнінде әр мүшенің тиісті, еш ауыстырылмайтын өз қызметі болса, әр адамның да қоғамда тиісті өз орны бар деген сенімде болды.

Йусуф Идрис шығармаларын зерттеушілер оның реалистік тәсілмен жазу ерекшелігін атап өтеді. Айяд Шукри Йусуф Идрисінің ақиқатты сақтап, ақиқатты көрсетуге деген талпынысына мән бере келе, суреткердің өмірлік оқиғаны жан-жақтан зерттеп, жан-жақты баға беруге деген ұмтылысына тәнті болады (2). В.Н. Кирпиченко да Йусуф Идрисінің өз кейіпкерлерін жете білу, олардың психологиясын айқын тану, оның баяндау юморының ерекшелігі египет әдебиетін сентименталдылық пен мелодраматизмнен ажыратып алуға өз септігін тигізді деп тұжырымдайды (4).

Йусуф Идрис коммунистік идеяларды ұстанды, ол шығармаларында өзінің ұстанымына сай сентиментализмді ысырып тастап, заманының ащы болса да, шындығын жазуға, көрсетуге талпынады. Алайда «кішкентай адам» тақырыбын мысыр қоғамында аяушылықтан, жанашырлықтан, яғни сезім қоспасыз жазу мүмкін емес еді. Мұның басты себебі – өмірдің қатаң бет-бейнесі мысырлықтың жан дүниесіндегі пәктіктің басын біріктірген парадокс еді. Жазушы әңгімелерінде шындықты қазбалаған сайын, шынайылықты ұстанған сайын, сентиментализмге бата түскендей болды. Йусуф Идрис талап еткен, мысырлық қоғам үміт еткен өзгерістердің іске асуы ғасырлар бойы

қалыптасқан тарихы тереңге кететін рухани дүниенің де қирауына соқтыратынын реалист көрмей тұра алмады. Сырт көзге өмір ағымымен жайбарақат қалқып келе жатқан мысырлықтың ділі осы жайбарақаттылық философиясымен байланыста еді. Автор жайбарақаттылықтың астарында өмірдің ауыртпалығына шыдам, қайғысына сабырлық, қиындықтарына төзім, тағдырға мойынсұну, шүкіршілік етуге мүмкіндік беретін орасан күш-қуат жатқанын білді және осы күш-қуаттың көзін ашып, дүниеге паш етуге талаптанды. Бұл күш-қуаттың көзі сенімнен, руханишылдықтан туындап, тыныш өмірдің ұйытқысы іспеттес еді. Егер де осы жайбарақаттылыққа қозғау салынып, тыныштық бұзылса, мысырлықтың рухани дүниесі де шайқалатыны түсінікті жәйт еді. Дүние жүзінде болып жатқан соны қозғалыстар, өзгерістер мысыр қоғамына экономикалық, әлеуметтік өзгерістер енгізген сайын, руханишылдыққа да соншама нұқсан келетіні айғақ болды. Сондықтан да болар, Йусуф Идрисінің шындығы өкінішпен, өкінішке перде болар юмормен астаып жатқанын байқаймыз. Бұған мысал ретінде «Сфинкс» әңгімесін қарастыруға болады.

«Сфинкс» әңгімесінде Йусуф Идрис медицина институтының бірінші курсы бітіріп, аулына, әке-шешесіне жазғы демалысқа келген студенттің оқиғасын баяндайды. Ауыл ақсақалының қазасына байланысты жиында студент өзіне деген құрметке мастанып, мақтан қуып кетеді. Мақтауға лайық болу үшін студент өтірік айтып, ауыл адамдарын әбден алдайды. Өтірік айтып мақтанған жас студент өзінің беделін арттыру үшін мәйіттермен жұмыс істеп, медицина ғылымында үлкен жетістіктерге жеткенін даурығып айтады. Бұған бүкіл ауыл адамдары сеніп, оны одан бетер құрметтей түседі. Әсіресе оқымаған, тек қара жұмыс атқара алатын «Абу-л-Хаул», яғни ұсқынсыздығы үшін «Сфинкс» атанған ауылдасы жас студенттің әр сөзіне сеніп, тамсанып отырады. Студент қызды-қыздымен мәйіт табылса, онымен медицина мақсатында жұмыс істеу тілегін айтып қалады. Оның даурықпа өтірігіне сенген Абу-л-Хаул өзеннен мәйіт тауып, түн ішінде студент үйіне алып келіп, ел-жұртты қорқытып, есін шығарады.

Жанрлық тұрғыда бұл әңгімені новелла деп анықтауға оның астарлы символдық мәні деп айтар едік.

«Абу-л-Хаул» тіркесі сөзбе-сөз «Үрей (қорқыншы) атасы» деген мағына береді. Жазушы Абу-

л-Хаулдың лақабы оның ұсқынсыздығымен, ебедейсіздігімен байланысты деп көрсеткенімен, әңгіме барысында оның сенгіштігі, аңқаулығы, жақсылық жасауға, көмек етуге деген талабы, оқуға жағдайы болмаса да, білуге деген ынтасы, өзі оқымаған болса да, оқығандарға тәнті болуы оның ішкі жан дүниесінің пәктігін айғақтайды. Өзі өтірік айтпаған соң, ел-жұрттың, әсіресе оқыған, білімді адамдардың өтірік айтады деген ой оның еш қаперіне кіріп шықпайды. Ол арамдықтан, қулық-залимдықтан таза және басқалар да сондай деп сенеді. Сондықтан суреткер оның сырт ұсқынсыздығын ұмыттыруға тырысып, ішкі ақ көңіліне мән беруге жетелейді. Абу-л-Хаул заманауи қоғамнан, дәлірек айтсақ, өзгерістерге талпынған мысырлық қоғамнан сырт қалатын персонаж. Ол өткен заманның адамы. Автор оны Сфинкс деп атауының да өз мәні бар: Сфинкс – Мысыр елінің символы. Ол әр түрлі жануарлар мен адам мүшелерінен құралған біртұтас тұлға. Демек бір тұлға көп мәнділіктен тұрады. Және де Сфинкс тылсым дүниенің кілтін ұстаушы персонаж ретінде танымал. Сфинкс жұмбақ айтып, адамның тағдырын анықтау қызметін атқарады. Өлім мен өмір мәселесін шеше алатын Сфинкс қорқыншы тудырушы персонаж. Алайда адам адал болып, жақсылық үшін бел байласа, оның жолын ашып, дұрыс бағытты көрсетуші екені де белгілі.

Қарап отырсақ, Йусуф Идрисінің үрей тудырушы персонажы мақтан қуған, мақтанам деп өтірікке батқан жас студенттің өтірігін шығарып, есін жиғызып отыр. Бір жағынан, Абу-л-Хаул ауылдастарын өтірікшіден сақтауға көмектессе, екінші жағынан, өтірікке батқан студентті де жалғандықтан арылтып, ақиқаттың орнауына себепші болып отыр. Сфинкс Египет халқының руханишылығының символы ретінде өз халқын арамза, өтірікші, айлакер, т.с.с элементтерден қорғаштап, елінің ділін сақтау қызметін атқарып отыр. Сфинкс Египет халқы қанша жасаса, сонша жасайтын руханишылдықты қорғаушы ішкі күші болып табылады.

Әңгіме авторы артта қалған, өтірік пен шындықты ажырата алмайтын, қараңғы, оқудан кенде ауылдың сыр-сипатын реалистік тұрғыда суреттей отырып, бұл халқының болашағы күңгірт екеніне ишара етеді. Сфинкс қаншалықты таза, адал болғанымен, заманға ілесе алмайтын Мысырдың өткені деп білеміз. Мысыр қоғамы алға қадам басуы үшін, іштей өзі де өзгеріске түсуі қажет. Алайда қарапайым адам өзгеріске

талпынған сайын, заман талқысының әсерінен рухани бай әлемінен де ажырап қалуы әбден мүмкін еді. Осыны түсінген Йусуф Идрис Сфинксті мұражайға тапсыруға қимайтыны, қиса да арты неге соқтыратынына күманды екенін байқатады.

Ауылынан бір жылға кеткен студент ендігі бұл ауылға еш сыймайды. Ол өзінің рухани дүниесіне бұрынғыдай сенімді емес. Оның өмір жолы қозғалысқа негізделгендіктен, жайбарақаттылыққа батқан ауылдан алыстауы қажет. Оның көзқарасы, дүниетанымы өзгеріске түскендіктен, тоқырауға түскен ауыл тіршілігінде оған орын жоқ. Егер де студент сияқты адамдар ауылға оралар болса, ертеңгі күні олардың да өмірі бұлыңғыр екені түсінікті жәйт.

Сондықтан болар, Йусуф Идрисінің реалистік қаламмен салған картинасында сезімді оятатын романтикалық аңсар анық көрініс береді. Әзіл араластыра отырып, автор ауылдың шынайы бейнесін сентименталдық тұрғыда сипаттайды. Тағдырларына мойынсұнған ауылдастарының болашағы жоқ тіршіліктерін сағынышпен суреттеп, қимастық сезім қалдырады.

Сфинкс Египеттің символы, өрден көрінген тарихтың мақтан тұтар бейнесі, алайда қазіргі заман тұрғысында ол тек қатып қалған, тіршілігі жоқ тас мүсін. Қозғалыс, даму, өзгеріс болмаса, қоғам тығырыққа тіреледі.

«Көктен түскен манна» әңгімесінде Йусуф Идрис оқу іздеп ауылдан кеткен Шейх Әлидің еліне оралғандағы күйін баяндайды. Шатақ мінезді атанған Шейх Әли сыртта, яғни ауылдан тыс еш жерге сыймайды. Жайбарақаттылық философиясын ұстанған Шейх Әли оқуын тастап кетеді, жұмысты да жарытып істемейді. Бұндай нәтижелердің себебін автор Шейхтің жанжал қуған мінезімен түсіндіреді. Алайда, егер бұл шатақтардың түп себебін қазбаласақ, діни оқуды тастауға ұстаздарының құзырет деңгейінің төмендігі, ал жұмыс берушілердің табыс үшін адамдарды алдау себептері екенін білеміз. Яғни ауыл сыртындағы өмір мен Шейх Әлидің ұстанымы, көзқарасының еш жанаспайтыны байқалады. Өзінің рухани жан дүниесінің үйлесімді болуы үшін ол өз ауылына оралады. Бірақ мұнда жұмыс та, табыс та, тамақ та жоқ. Сондықтан да аш-жалаңаш, жоқшылықта тіршілік етуге мәжбүр болады. Аштық қатты қинағанда, ол ауыл адамдарына шатақ шығарып, құдайдан бас тартам деп қоқан-лоқы көрсетеді.

Жаратқаннан бас тартса, жаны жаһаннамға кетеді деп қорыққан ауылдастары өз нәпақаларымен бөлісіп отыруға келісім береді.

Автор Шейх Әлидің өздері күндерін әрең көріп отырған ауылдастарынан нан, темекі, анда-санда тауық талап етуін суреттегенде, оқырман оның айлакер, қу, жалқау деп қабылдайды. Алайда ауылдастарының репликаларын байыптасақ, олардың түсінігінде Шейх Әли рухани тұрғыда көп адамнан жоғары тұр деген тұжырым бар. Демек Шейх Әли сырт жерде өзінің руханишылдығын жоғалтудан гөрі, өз ауылында қайыр тілеп отыруды жөн көрді. Автор оның қулығын да баланың қулығы тұрғысында суреттейді. Алайда айлалы Шейх Әли өз ел-жұртын емес, тек істің байыбына бармай атүсті пікір қорытқан оқырманды ғана алдап тұр. Шейх және оның ауылдастары руханишылық үшін аш қарын болып, жоқшылық көруге, дәлірек айтсақ, қиындықтарды бөлісуге дайын. Олардың бәрі пікірлес, бүкіл ауыл Шейх Әлиді қолдауға, жақтауға мүдделі. Өйткені Шейх Әли сол ауылдың азып-тозған рухани дүниесінің көрінісі, өкілі болып табылады.

Йусуф Идрис ауылдың, ауыл тұрғынының нашар тұрмысын шынайы суреттеп, Шейх Әлидің аузына салып отыр. Автор жанашырлық білдіре кеңескен ауыл адамдарын бейнелегенде, шынайылық пен сезім қойыртпағын бергендей. Бүкіл ауылдың рухани жүгін арқалаған Шейх Әли тағдырдың ауыртпалығын жалғыз өзі көтеруге дайын, өйткені бұл оның өмірлік миссиясы болып табылады. Осыдан Йусуф Идрисінің бұл персонажы реалистік кейіпкерден гөрі романтикалық кейіпкерге жақын екенін анық байқаймыз.

Йусуф Идрис шынайылықты сезім бояуларымен қаншама көркемдегенімен, ақиқат өмірдің ащы кермегі ешқайда кете қоймайды. Ол реалистік суреттемелер бергенімен, өмір мен көркем баяндау арасы алшақтай түсті. Романтизм мен реализмнің астасуынан шынайы картина не тығырықтан шығар шешім пайда болған жоқ. Жайбарақаттылық философияны жазушы қаншама ақтағанымен, оның болашағы жоқ екені айқындала түсті. Сондықтан автор шынайылықты, өзінің өмірлік идеяларын жеткізуде жаңа әдіс, жаңа жол іздеу үстінде болды. Әдебиеттанушы Абд-аль-Муути бұл туралы былай жазады:

ثم بدأ يوسف إدريس نفسه يشب عن الطوق، ويسلك طرقاً جديدة في التعبير. وسواء بلغ فيها درجة الكمال، أو هبط منها عن مستواه السابق، فقد تخلى أصحابه بالرغم من ذلك، لم يتخل يوسف عن الإطار العام الاتجاه عن ذلك الابن المتمر الذي استضافه لأعماله منذ بواكير إنتاجه الفني. فقد ظلت الفئات الكادحة هي الأرض الاجتماعية والفكرية. التي يخطو عليها منذ "أرخص ليالي" إلي "العيب". ولا ضيرر نفسه من عمل إلي يتخصص الأديب في شرحه اجتماعية بعينها. بحيث لا يكره مطلقاً أن يظ في التقاط ظاهرة،

Абд-эл-Муути Йусуф Идриснің романтикалық-реалистік жазу әдісіне көңілі толмай, одан бас тарту шешімін қабылдайды деп көрсетеді. Шындықтың шыңына жету мақсатында жазушы бір ағыммен шектелмей, жаңа жазу әдістерін меңгеру жолына салынады. Оның персонаждары, қатардағы еңбек адамдары «Ең арзан түндерден» «Айыпқа» бет алады. Йусуф Идрис өмірді тануда жаңа көзқараспен қарауға, жаңаша ұғынуға ұйғарым жасады. Оның шығармашылығы жаңа тақырыптармен толығып, тұрғындардың барлық қабаттарын қамту арқылы өмір атты картинаны жан-жақты суреттеуге тырысты деп сыншы өз пікірін білдіреді.

В.Н. Кирпиченко, де жазушының соңғы туындыларын талдау барысында Йусуф Идриснің реализмнен алшақтағанын байқайды: «Творческая эволюция Идриса, его известный отход от

عندما تبلورت تجربة الكاتب وازداد وعيه بحركة الواقع والمجتمع، كانت الرؤية أقرب إلي الواقعية النقدية في سعيها إلي الكشف عن الجوانب السلبية في حركة الواقع سيحاول الكاتب في هذه المرحلة أن يضع عدة قواعد نظيرية الاجتماعي، ومن ثم لإقامة مجتمع إنساني يقوم علي المشاركة التي تؤمن باستقلال الفرد. وقد قادته الرؤية ق الداخل لدي

Егер де әдебиеттанушы Г.Л. Абрамовичтің тұжырымын басшылыққа алсақ, Йусуф Идриснің сыни реализмге қалам тартуы заманының талабынан туындаған заңдылық: «Расцвет этого художественного метода (*критического реализма*) в прошлом столетии объясняется все большим обострением социальных противоречий и все большим осознанием людьми неблагоприятных для человеческого развития условий жизни в классово антагонистическом обществе. Распад феодальных отношений, с одной стороны, и обнаружение своеобразной сути буржуазных от-

أو الالتقاط من زاوية بصفة دائمة وإنما يجتهد في آخر. أي لايتور اكتشاف الظواهر المختلفة والزوايا العديدة، فيكسب أدبه خصوبة وغني قل أن يكتسبهما الكثير من الفئات الاجتماعية بنظرة وحيدة الجانب. ومن هنا جاء تصوير من يصور يوسف إدريس لأزمة الجنس في المجتمع، تصويراً بالغ الأهمية، لأنه يلتقط ظواهر السنة الثالثة - العددالتاسع 111 إبداع يوسف إدريس في القصة القصيرة؛ ...عديدة من زوايا مختلفة. (المصدر نفسه: 134)

реализма в последние годы, мучительные и болезненные идейные метания также отражают, быть может, в наиболее сгущенном, концентрированном виде, общую картину состояния умов, настроений и мировоззрения той части египетской мелкобуржуазной интеллигенции, которая, связав свою судьбу с революцией 1953 года, еще не сумела разобраться в ее реальном характере и перспективах»(4).

Хасан Маджидидің ойынша, Йусуф Идриснің реалистік тәсілден бас тартуы жазушы шығармашылығының дамуының табиғи үдерісі болып табылады. Өмір үнемі қозғалыста болды, қоғамда өзгерістер туындап жатты, сондықтан жаңа қоғамдық құбылыстарды өзгеше жазу, жана аспектіде тану керектігін жазушы сезді. Сыншы Йусуф Идриснің шығармашылығының жана кезеңін сыни реализм тұрғысында қарастыруды ұсынды:

الفرد استظهاراً لفاعلياته وقدراته علي العطاء، النقدية هنا إلي محاولة تعمّ الكامن في لغة الداخل والأعماق في مرحلة إنسانية قامت علي فتوصل إلي السر تقديم رؤية مركبة للواقع تقوم علي الإحساس المشترك بالمسؤولية وتحثني بالتعاطف والمشاركة في علاقة الفرد بالفرد وفي علاقة الفرد بالجماعة. (المصدر نفسه: 18)

ношений, с другой, создают почву для развертывания сокрушительной критики всех и всяческих проявлений общественного строя, основанного на эксплуатации человека человеком» (Абрамович: 1979, 297-298).

Реализмнен сыни реализмге өту Йусуф Идрис үшін ауыр кезең болды, бірақ бұл әдіс Мысыр қоғамының шынайы сипатын дәл сипаттай алатын ілгерінді әдіс болғанын атап айту керек. Әлем әдебиетінде бір әдістен басқа әдіске ауысу ғасырлар бойы жүретін үдеріс, алайда Мысыр еліндегі қоғамдық өзгерістер адымдап

жүргенін ескерсек, жазушы да өз уақытына сай адымдап қадам басуы тиіс-ті.

Сонымен қатар реализм де, сыни реализм де әлем әдебиетінде жиырмасыншы ғасырда авангардты ағымдарға жол бергені белгілі. Бұл құбылыстардан жазушының сырт қалуы мүмкін емес еді. Осының негізінде Йусуф Идрис

لقد كانت الفرصة هنا مهيأة لتجريب استخدام الرمز خاصة وأن الكاتب قد انشغل بتقديم عالم الداخل، وهو عالم يحتل الرمز فيه مكانة ملحوظة. إذا كانت المرحلة الإنسانية

Жазушының «Азап тілі», «Ай бөліктері» әңгімелері соны әдістердің қосындысынан туындаған ерекше шығармалары деп белгілеуге болады. Осы екі әңгімеде «сана ағымы» әдісінің элементтерін де анық танимыз.

Екі әңгіме нарратордың баяндауына негізделіп, мысырлық жаңа қоғам адамының ішкі жан айқайын жеткізу үлгісі болып табылады. Алдыңғы әңгімелерге қарағанда, екі туынды персонаждары материалдық тұрғыда көп жоғары. Алайда рухани тұрғыда екі кейіпкер тығырыққа тіреліп, өздерінің адами үйлесімінен айрылып қалғаны байқалады. «Азап тілінде» өз ауылдастарынан, түп төркінінен бас тартқан, сырт көзге табысты көрінген мысырлық ауылда қалып, жоқшылықтың зардабынан сырқатқа шалдығып, енді соның салдарынан азапқа түскен құрдасына қызыға да, қызғана да қарайды. Табысты қала тұрғыны тән азабы мен жан азабының айырымын айғақтай келе, жан азабының зор екенін көрсетеді.

Ал «Ай бөліктерінде» нарратор жаңа қоғамда орын алған ілгерінді заманауи өзгерістердің Каир тұрғынын жан-жақтан қыспаққа алып, табиғатынан алыстатып, табиғи негізіне балта шапқанын көрсетуге тырысқан. Мысырлық үшін Айды үйлер арасындағы тесіктен сығалап, тек бөліктерін көру оның қиялының қанатын қырқып, табиғатына қатысты ерекшелігінен айыру болып табылады. Айды көмескілеген электр шамдары қаншалықты жарық болса, мысырлық та өз табиғатынан соншалықты алыстай түседі.

Сондай-ақ символизммен жазылған әңгімелер қатарына «Автобуста» және «Қайғырған еңбекқор» туындыларын жатқызар едік. «Сана ағымымен» жазылған екі әңгімеден бұл шығармалар көп өзгешеленеді, екеуі реалистік әдіспен жазылған. Дегенмен, интерпретация негізінде екі әңгіменің символдық мәнін айқын тануға болады.

сыни реализмге модернизм бояуларын қосып, шығармашылығын жаңа деңгейге көтергенін көреміз.

Оның шығармашылығында символизм белгілері көрініс бере бастады. Хасан Маджижи Йусуф Идрис новеллаларында символизм мен гуманизм астасып жатқанын көрсетеді:

والمرحلة الرمزية لم تستمر كثيراً في رحلة إبداع الكاتب، فقد عادت مرة أخرى لمفهوم مصري للقصة القصيرة.

«Автобуста» әңгімесінде көлікке мінген жас студент пен бойжеткен екеуінің қатынасын жіті бақылаған автобус пассажирлерінің реакциясы суреттелген. Орта жастан асқан шенеулік жол бойына жігіт пен қыздың қатынасын бақылап, сын айтуды өзіне парыз деп біледі.

Алайда автор қарапайым баяндаудың астарында үлкен мән жатқанын контекст арқылы ғана түсінуге мүмкіндік береді. Йусуф Идрис Мысыр қоғамының миниатюралық үлгісін берген. Автобус және оның пассажирлері – мысыр қоғамы, жолдан автобустың қарғып мінген жігіт – қоғамда болып жатқан өзгерістер, бойжеткен – мысырдағы өзгерістерді қабылдаған, қолдаған жастар бейнесі деп интерпретациялаймыз. Осы расшифровканы басшылыққа алсақ, әңгіме өзгеше мәнге боялатынын көреміз.

«Қайғырған еңбекқор» әңгімесінде жұмыссыз қалған аспаз ақырында қанын донорлыққа өткізіп, сол қаражатқа отбасын бағады. Алайда тамақтың жетіспеушілігінен қаны азайып, жарамсыз болып қалады. Өз өмірін отбасын асырауға қажетті қаражатқа сатқан еңбек адамы бұл тұйықталған шеңберден еш шыға алмас еді. Бұл шеңберден адамды тек өлім ғана шығара алады. Қанаушы тап – жазушы үшін, өмірді мардымсыз ақшаға бағалаған қатыгез жүрек машина. Бұл машина осы адамның тіршілігін белгілейтін қанмен қоректенеді. Оны тоқтату адамның қолында. Бірақ ол напақа үшін өмірін сатуға даяр.

Сондай-ақ Йусуф Идрисінің «Назар», «Ат-тестат», «Кішкентай еркек», т.б. әңгімелерінің барлығында астарлы мән бар. Бұл мәнді тану барысында авторлық ұстаныммен қоса, мысыр қоғамының болашағын танып, көріпкел болған Йусуф Идрисінің жан азабын, айқайын да сезуге болады.

Қорытынды

Араб сыншылары Йусуф Идрис шығармашылығын кезеңге бөліп қарастыруда оның көркемдік әдістеріне негізделеді:

هكذا مر إلي الواقعية النقدية ليقدم من خلالها
تصوراً كانت في كل مرحلة الواقعية في القصة القصيرة عند
يوسف إدريس بمراحل متطوات ذات سمات معينة ومفهوم
خاص علي النحو التالي:

1. المرحلة الواقعية الرومانسية .
2. المرحلة الواقعية النقدية الأولى .
3. المرحلة الواقعية الإنسانية .
4. المرحلة الواقعية الرمزية .
5. المرحلة النقدية الثانية (نحو واقعية مصرية).

Ол өзінің әңгімелерін жазуда реализмнен бастаған, ал келесі кезеңдерде оның шығармашылығы сыни реализм бағытын ұстанды. Оның барлық шығармаларында реалистік әдіс басым, алайда бұл әдістің өзі әр кезеңде өзіндік ерекшеліктерімен көрінген: 1) романтикалық-реалистік кезең; 2) алғашқы сыни реализм; 3) гуманистік реализм кезеңі; 4) символикалық-реалистік; 5) екінші сыни реализм.

Белгілі бір схема бойынша Йусуф Идрисінің туындыларын классификациялау қиын. Кейбір мәселелер тіпті шатасуға соқтырады. Өйткені

суреткер кейін жарық көрген жинақтарына жастық кезеңде жазған шығармаларын да енгізіп отырғаны белгілі.

Өз тарапымыздан, Йусуф Идрисінің шығармашылық жолын үш кезеңге бөліп қарастырамыз: Реализм; Сыни реализм; Символизм (немесе постмодернизм).

Ертеректе жазған туындыларын реализммен байланыстыра аламыз. Бұл кезеңде жазылған әңгімелер фоны әлеуметтік мәселелерге арналған. Екінші этапта сыни реализм автордың көптеген қоғамдық мәселелердің түп қазығына үңілуден туындаған деп айта аламыз. Үшінші этаптағы Йусуф Идрисінің символизмі модернизмнің бір әдісі ретінде көрініс береді. Бұл әдістің ерекшелігін нарративті баяндау тұрғысында қарастыру керек. Символдық деп анықтаған әңгімелер негізінен интерпретациямен байланысты.

Қорыта келгенде, Йусуф Идрис шындықты қуалап жүріп, өз ортасының, елінің бейнесін реалистік тұрғыда беруге талаптанған. Алайда шынайылық бір жақты емес, сондықтан болар оның жазу әдісінде тәжірибелер пайда болып, оның шығармашылығында романтикалық та, сентименталдылық, символдық та элементтер көрініс тауып, ақиқатты дәл беру ізденістері нәтижесінде туындаған әңгімелері Мысыр әдебиетін байыта түскені сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Кирпиченко В.Н. Йусуф Идрис . – М.: Наука, 1980.
- 2 <http://archive.sakhril.co/newPreview.aspx?PID=1199097&ISSUEID=13886&AID=292746>
- 3 عائشةُ بگنجي *إبداع يوسف إدريس في القصة القصيرة؛ تحليل ونقد حسن مجيدي محمد أمين روديني
- 4 Кирпиченко В.Н. Творческий путь египетского новеллиста. <http://www.dissercat.com/content/tvorcheskii-put-egipetskogo-novellista-yusufa-idrisa>
- 5 Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение: учебник для студентов пед ин-тов по специальности №2101 «Рус.яз и лит.» – 7-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1979. – 352 с.

References

- 1 V. N. Kirpichenko Jusuf Idris . – М.: Nauka, 1980.
- 2 <http://archive.sakhril.co/newPreview.aspx?PID=1199097&ISSUEID=13886&AID=292746>
- 3 Ibda Yusuf Idris fi-l-kyssa-l-kasyra; Tahlil ua nakd Hassan Majidi Muhammad Amin
- 4 Kirpichenko V.N. Tvorcheskij put' egipetskogo novellista. <http://www.dissercat.com/content/tvorcheskii-put-egipetskogo-novellista-yusufa-idrisa>
- 5 Abramovich G.L. Vvedenie v literaturovedenie: Uchebnik dlja studentov ped in-tov po special'nosti №2101 «Rus.jaz i lit.» – 7-e izd. Ispr. i dop. – М.: Prosveshhenie, 1979. – 352 s.